

Саяхатың тартырды. «Қоршаған ортаны қорға»

Зарубаева Лилия Елеуханқызы, қазақ тілі мен
әдебиеті мұғалімі

The slide features a vibrant yellow background with a thick green border. The border is decorated with various butterflies, including monarchs and swallowtails, and pink flowers. The text is centered on the slide.

Мақсаты

**Оқушылардың табиғатпен
үйлесімділік , табиғатты
аялау туралы түсініктерін
кеңейту.**

Міндеттері:

I

-тақырып бойынша оқушылардың сөздік қорларын толықтыру, жаңа сөздермен сөз тіркестерін, сөйлемдер құрату, сөйлету, жалпылау есімдік туралы түсінік беру;

II

-сауатты жазу, оқу дағдыларын жетілдіру, белсенді ойлау, есте сақтау, ауызекі сөйлеу қабілеттерін дамыту;

III

-қоршаған ортаны, табиғатты қорғауға баулу.

The image features a decorative border with various butterflies and flowers. The butterflies are in shades of orange, yellow, and black, some with white spots. The flowers are pink and red. The background is a bright yellow with a red border.

Шаттық шеңбері

Балалар кезекпен өздерінің Жер анаға деген ізгі тілектерін білдіреді.

Тілек

Шөліркемей гүл тұрсын! (сол қолын жайып көтереді)

Жерім жайнап құлпырсын! (оң қолын жайып көтереді)

Нұрын сыйлап біздерге (екі қолын жоғары көтереді)

Көкте мәңгі гүл тұрсын! (екі қолын төбесіне көтереді)

Нұр сыйлаған күн ыстық (қолдарын жаяды)

Ыстық бізге кең өлке (оң жаққа қарайды)

Ыстық бізге тыныштық! (сол жаққа қарайды)

Жалпылау есімдігі

Жалпылау есімдігі

Жалпылау, жинақтау мағыналарын білдіретін есімдіктің түрі жалпылау есімдігі деп аталады. Жалпылау есімдігіне бәрі, барлық, бар, барша, бүкіл, күллі, бүтін, түгел, тегіс деген сөздер жатады. Мысалы: Бар ойы — өлең айтып, ән салалық. (А.). Түгел сөздің түбі бір, түп атасы — Майқы би (мақал).

Заттар мен құбылыстарды жалпылап, жинақтап айту үшін қолданылады. Жалпылау есімдік түбір тұлғалы -бар-күллі-бүкіл т.б және туынды тұлғалы болады – бар- /етістік+жұрнақ./ Бар, барлық, барша есімдіктері тәуелденеді. Бүкіл, күллі, бүтін есімдіктері тәуелденбейді (не имеют окончания притяжательности). Бұл есімдік жіктік жалғау қабылдамайды./эти местоимения не принимают личные окончания), бірақ көптеледі, септеледі. Септік жалғауы тәуелдік жалғаудан соң жалғанады. Мысалы: бәрі+лер+ің+мен.



Мәтін мен жұмыс

Қоршаған ортаны қорғау-қазіргі кездегі өткір мәселелердің бірі. Ол-еліміздің болашағы, халықтың байлығы.

5 маусым-Қоршаған ортаны қорғаудың дүниежүзілік күні. Оның негізгі мақсаты-табиғатты қорғау мәселесіне жұртшылықты шақыру. Ол мереке ретінде табиғатты қорғауға арналған. Әр түрлі ойын-сауық, ағаш отырғызу, сурет салу, саябақтарды тазалау сияқты жұмыстар өткізіледі.

Келер ұрпаққа жасыл орман, мөлдір де таза өзен-көл мен таза ауа қалдыру-біздің борышымыз.

Тыныштық сәті (музыка)



Өздік жұмыс. Берілген сөйлемдерден жалпылау есімдіктерін тауып, астын сызындар.

1. Бір құмырсқа барлық құмырсқаға жол көрсетіпті. 2. Құстың ұшатынын жұрттың бәрі біледі. 3. Еріншектік-күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. 4. Баршаның міндеті-табиғатты қорғау.

Өздік жұмыс

Берілген сөйлемдерден жалпылау есімдіктерін тауып, астын сызындар.

1. Бір құмырсқа барлық құмырсқаға жол көрсетіпті. 2. Құстың ұшатынын жұрттың бәрі біледі. 3. Еріншектік-күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. 4. Баршаның міндеті-табиғатты қорғау.

пен жұмы

- **қоршаған орта-**
окружающая среда
- **мәселе-**проблема
- **болашақ-**будущее
- **мөлдір-**прозрачный

Сөз тіркесі

**ЗАТ ЕСІМ+ЕТІСТІК
СЫН ЕСІМ+ЗАТ ЕСІМ**



III
деңгей

1. Мәтінге ат қойып, орыс тіліне аударындар.

2. Есімдіктерді теріп жазындар.


3. Қоршаған сөзіне фонетикалық талдау жасандар.

II деңгей

1. Мәтінге жоспар құрындар.
2. «Қоршаған ортаны қорғаудың дүние-жүзілік күнінің мақсаты қандай?» деген сұраққа жауап беріндер.

I деңгей

«Қоршаған ортаны қорғау» тақырыбына бағдарлама жасандар.



Сурет диктанты





3-тапсырма.Қабырға газетіне бағдарлама жасандар.

«Табиғатты қорғау» тақырыбына газет шығару.



*4-тапсырма. Мәтінге
сұрақтар дайындап,
жауап беріңдер.*



Қорықтар неге керек?

Өндірісі дамыған елде кейбір жан-жануарлар мен өсімдіктер дүниесі өзінің алғашқы табиғи тіршілігінен айырылып қалмақ.

Олар азайып, жылдар өткен соң, мүлдем құрып кету қаупі туады. Құстар сайрап, көбелектер ұшып, гүлдер гүлдеп тұруы үшін біз өз Отанымыздың табиғатын жан-жақты қорғауға тиістіміз. Қайткен күнде де табиғат өзінің табиғи қалпын сақтауы қажет.

Өзімізді қоршаған табиғи ортаны, табиғатты аялай құрметтеп, тани білейік. Қорықтарға барғанда ешбір аңға, құсқа тиіспей, гүлдер мен өсімдіктерді жұлып, таптамау керек. Табиғатты ар-ождансыз таза, саналы адамдар ғана қорғай алады.

Елімізде табиғат байлығын: ормандар мен өсімдіктерді, жануарлар мен аң-құстарды қорғап, сақтайтын қорықтар көп.

РЕБУС ШЕШЕЙІК!

”

,

,

,

”

””

”





Көңіл бөлгендеріңізге рахмет!

